

Бекітемін _____

№ 17 «Шұғыла» 6/6 МКҚК-ның

менгерушісі: Д.Н.Жетілгенова



2025-2026 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс –әрекетінің

циклограммасы

ересек топтары 4 жастан бастап)

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

I апта

ҰІӨ тақырыбы:		Менің балабақшам	
Күні:		Қыркүйек	
ТОП:	№11 «Балдырған» ересек тобы		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға балабақшадағы таныс заттар мен іс-әрекеттердің атауларын қазақ тілінде меңгерту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету, сөздік қорын дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	Білуі керек: - Балабақша ішіндегі заттардың атауын (үстел, орындық, есік, ойыншық т.б.) - Қарапайым іс-әрекет сөздерін (ойнаймын, ішемін, ұйықтаймын) Түсінеді: «Бұл не?», «Қайда?» сияқты сұрақтарды - Қимылдарды және оларға байланысты сөз тіркестерін Айта алады: Қарапайым сөйлемдермен жауап береді: «Бұл — үстел», «Мен ойнаймын», «Ол ұ		
Тілдік мақсат:	Жаңа сөздер: - үстел, орындық, есік, терезе, ойыншық - ойнаймын, ішемін, ұйықтаймын, күлемін Сөйлеу үлгілері: - Бұл не? – Бұл үстел. - Бала не істеп жатыр? – Ол ойнап жатыр. - Мен ішемін. - Мен балабақшаға барамын.		

	ҮІӘ өтілу барысы	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	1. Балаларды шеңберге жинайды. 2. Қазақ тілінде жылы амандасу арқылы сабақты бастайды. 3. Амандасу үлгісі: – Сәлеметсіздер ме, балалар! – Қалың қалай? (Қол бұлғап, ыммен көрсету) – Қуанамын көргеніме! – Бүгін қазақ тілі сабағы. Көңіл-күйіміз қандай? (қуанышты, жақсы) Қысқа амандасу әні (өлеңмен): <i>(Қарапайым әуенмен айтуға болады)</i> Сәлем, сәлем, достарым, Келіңдер ойнаймыз! Қазақ тілінде сайраймы, Жаңа сөздер айтамыз! Жаттығу түрі: Дыбыстық жаттығу: «Тыңда да, тап!»Мақсаты: Артикуляциялық және фонематикалық тыңдау/айту дағдыларын дамыту. Балабақшаға байланысты дыбыстарға құлақ тұру және оларды айту. Ша- ша біздің балабақша	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 15- минут	1. Ойын: «Бұл не?» Мақсаты: Балабақша ішіндегі заттардың атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету (үстел, орындық, есік, терезе, ойыншық т.б.) Құралдар:	Суретті плакаттар, ойын құралдары интернет ресурстары

	- Балабақша заттарының суреттері (немесе шынайы заттар) Шарты: Тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп сұрайды: «Бұл не?» Бала жауап береді: «Бұл – үстел», «Бұл – орындық» т.б. Қазақша лексика: - Бұл не? - Бұл – үстел. - Бұл – орындық. - Бұл – есік. - Бұл – терезе. - Бұл – ойыншық. Қосымша: Балалар «иә/жоқ» ойыны ретінде де ойнай алады. Мысалы: Тәрбиеші: «Бұл – орындық па?» Бала: «Иә» немесе «Жоқ». 2. Ойын: «Қайда?» (заттарды орнына қою) Мақсаты: Балабақша бөлмесінде бағыт пен орынды білдіретін сөздерді қолдануға үйрету (<i>мұнда, онда, астында, үстінде</i>). Құралдар: - Ойыншықтар (қуыршақ, доп, т.б.) - Үстел, орындық Шарты:	
--	--	--

Қазақ тілі мұғалімі ойыншықты әр түрлі жерге қояды да сұрайды:

«Доп қайда?»

Бала жауап береді:

«Доп үстелде», «Доп орындықтың астында».

Қазақша лексика:

- Қайда?
- Мұнда
- Онда
- Үстелде
- Астында
- Үстінде

3. Ойын: «Мен балабақшада...» (қимыл-әрекет ойыны)

Мақсаты:

Балабақшада істейтін іс-қимылдарды қазақ тілінде айтуға үйрету. (мысалы: ойнаймын, жатамын, ішемін, күлемін)

Құралдар:

- Суреттер (балалар ойнап жатқан, ұйықтап жатқан, тамақ ішіп жатқан т.б.)

Шарты:

Тәрбиеші қимыл көрсетеді немесе сурет көрсетіп сұрайды:

«Бала не істеп жатыр?»

Бала жауап береді:

«Ойнап жатыр», «Ұйықтап жатыр», «Тамақ ішіп жатыр».

Қазақша лексика:

- Мен ойнаймын
- Мен ішемін
- Мен ұйықтаймын
- Мен күлемін
- Мен ән айтамын

	• Мен секіремін • Мен балабақшаға барамын	
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия <i>3-минут</i>	Ойын: «Мен не үйрендім?» Әр бала карточка таңдап, сол бойынша жауап береді: «Мен не үйрендім?» – «Мен үстел», «ойнаймын» деген сөздерді үйрендім». Немесе: «Маған ... сөзі ұнады», «Мен ... ойынын ұнаттым». Қорытындылау: <i>Балаларды мадақтау.</i>	

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қыркүйек Папта

ҰІӨ тақырыбы:		Тәулік мезгілдері (время суток)	
Күні:		Қыркүйек	
ТОП:	№11 «Балдырған» ересек тобы		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларды тәулік мезгілдерінің атауымен (таң, түс, кеш, түн) таныстыру, әр мезгілде не істейтінін қарапайым сөздермен айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: • Тәулік бөліктерінің атауларын: <i>таң, түс, кеш, түн</i> • Уақытпен байланысты іс-әрекеттерді: <i>тұрамын, ойнаймын, ұйықтаймын</i> Түсінеді: • «Бұл қашан?», «Не істейсің?» сұрақтарын • Көрнекі құрал арқылы уақыт бөлігін ажыратады		

	Айта алады: - Қарапайым сөйлемдер құрайды: «Бұл — таң», «Мен ұйықтаймын», «Кеш болды» - Іс-әрекетін сипаттайды: «Мен таңертең тұрамын»	
Тілдік мақсат:	Жаңа сөздер: - Таң, түс, кеш, түн - Тұрамын, ішемін, ойнаймын, ұйықтаймын Сөйлеу үлгілері: - Бұл – таң. - Таңертең мен тұрамын. - Кешке мен ұйықтаймын. - Қашан? – Түсте.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут</i>	Жоспарланған іс-әрекет Балалар шеңбер құрып отырады. Амандасу үлгісі (әрі бірге қайталау): – Сәлеметсіздер ме, балалар! – Қалың қалай? – Көңіл-күйің қалай? – Жақсы ма? Жақсы! Қысқаша амандасу өлеңі: (Баяу, көңілді әуенмен айтуға болады – балалармен бірге) Сәлем, сәлем, достарым,	Ресурстар Көрнекілік: Таң, түс, кеш, түн бейнеленген 4 сурет (күннің көтерілуі, аспанда тұруы, батуы, ай мен жұлдыз бейнесі)

Қол бұлғайық бәріміз.
Күн шыққанда оянам,
Қайырлы таң бәріңе!*Мақсат:* балалар қазақша «Сәлем!», «Қайырлы таң!» сөздерін үйреніп,
күлімдеп, сабаққа дайындалады.

Ойын-жаттығу: «Қайырлы...» (мезгілді тап!)

Шарты:

Тәрбиеші әртүрлі мезгілге сәйкес сөз айтады немесе ыммен көрсетеді. Балалар сәйкес суретті/қимылды көрсетеді.

Мысалы:

- Тәрбиеші: «Күн шықты – бұл қай мезгіл?»
- Балалар: «Таң!»
- Тәрбиеші: «Күн ұйықтады, қараңғы болды – бұл не?»
- Балалар: «Түн!»

Қимылды жаттығу:

Тәрбиеші айтып тұрады, балалар қимылмен көрсетеді:

Мезгіл	Қимыл	Сөз
Таң	Қолмен керілу	«Оянамын!»
Түс	Қолмен дөңгелек жасау	«Күн аспанда»
Кеш	Қолмен төмен түсіру	«Күн батады»
Түн	Көзін жұмып, қолын бетке қою	«Ұйықтаймын»

Қазақша сөздер бекітіледі:

	- Қайырлы таң - Қайырлы күн - Қайырлы кеш - Қайырлы түн - Таң, Түс, Кеш, Түн	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын 1: «Қашан?» – суретті сәйкестендіру Мақсаты: Балаларды тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, есте сақтау және сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдар: 4 сурет (таң, түс, кеш, түн уақытын бейнелейтін) - Әр суретке сәйкес сөз карточкасы: <i>Таң, Түс, Кеш, Түн</i> Ойын шарты: Балаларға суреттер көрсетіледі. Тәрбиеші сұрайды: «Бұл қай уақыт?» Бала сурет пен сөзді сәйкестендіріп айтады: «Бұл – таң» «Кеш. Күн батады» (Тәрбиеші ыммен, интонациямен көмектеседі) Қазақша сөз тіркестері: - Бұл – таң. - Күн шықты. - Бұл – кеш.	

- Күн батып жатыр.

Ойын 2: «Мен не істеймін?» – қимылды ойын

Мақсаты:

Тәулік бөліктеріне сәйкес әрекеттерді қазақ тілінде айтуға үйрету.

Құралдар:

- Қимылды білдіретін суреттер немесе тек ыммен көрсету:
Ұйықтау, Таңғы ас ішу, Ойнау, Тіс тазалау

Ойын шарты:

Тәрбиеші айтады:

«Таңертең мен не істеймін?»

Бала жауап береді:

«Мен тұрамын», «Мен ас ішемін»

Кешке – «Мен ұйықтаймын»

Тәрбиеші мен балалар қимылды бірге орындайды.

Қазақша сөз тіркестері:

- Таңертең – мен тұрамын.
- Түсте – мен ойнаймын.
- Кешке – мен ас ішемін.
- Түнде – мен ұйықтаймын.

Ойын 3: «Күн қайда?» – интерактивті бағыт-уақыт ойыны

Мақсаты:

	Күннің көкжиектегі орнына қарай тәулік бөліктерін ажырату, сөздік қорды бекіту. Құралдар: - Плакат немесе флипчарттағы күн бейнесі – көкжиектегі түрлі орында (шығып жатыр, биік тұр, батып жатыр, жоқ) - Ойын шарты: Тәрбиеші күннің суретін көрсетіп сұрайды: «Күн қайда?» Бала жауап береді: «Күн шықты – таң» «Күн жоғары – түс» «Күн батып жатыр – кеш» «Күн жоқ – түн» Қазақша тіркестер: - Күн шықты – таң. - Күн жоғары – түс. - Күн батып жатыр – кеш. - Күн жоқ – түн.	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытындылау: Балаларды мадақтау.	

Әдіскер: _____

Қыркүйек ІІІ апта

ҰІӘ тақырыбы:		Ойыншықтар
Күні:		Қыркүйек
ТОП:	№5 «Гүлдер» мектепалды тобы	
		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ -нің мақсаты:	Балаларды ойыншықтардың атауымен қазақ тілінде таныстыру, оларды дұрыс айтуға, қарапайым сөйлем құрауға және ойын арқылы сөздік қорын дамытуға үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: - Ойыншықтардың атауларын: <i>доп, қуыршақ, аю, машина, ұшақ, робот</i> Түсінеді: «Бұл не?», «Кімде бар?» сияқты сұрақтарды - Түріне, көлеміне байланысты сипаттау сөздерін (үлкен, кішкентай, қызыл, домалақ) Айта алады: - Қарапайым сөйлемдер құрайды: «Бұл – доп», «Менде қуыршақ бар» - Ойыншықты сипаттайды: «Доп – қызыл», «Машина үлкен»	
Тілдік мақсат:	Жаңа сөздер: - доп, қуыршақ, машина, аю, ұшақ, робот - бар, жоқ - үлкен, кішкентай, қызыл, көк, жұмсақ, қатты Сөйлеу үлгілері: - Бұл не? – Бұл доп.	

	• Менде қуыршақ бар. • Бұл – аю. Аю – жұмсақ. • Менде ұшақ жоқ.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут</i>	Балалар шеңберге тұрады, амандасу арқылы сабақты бастайды. Амандасу үлгісі: – Сәлеметсіздер ме, балалар! – Қалың қалай? – Көңіл-күйіміз қалай? (жақсы, тамаша) – Сабаққа дайынбыз ба? Амандасу өлеңі (қимылмен): Сәлем, сәлем, балалар, Қуанамын мен бүгін. Бәріміз де біргеміз, Көңіл-күйім керемет! (Балалар бірге айтып, қимылмен көрсетеді.) Балаларды сабақтың тақырыбымен таныстыру, назарын шоғырландыру, ойыншықтар туралы қызығушылығын ояту. Қызығушылықты ояту: «Қап ішінде не бар?» ойыны Құрал: Ішінде әртүрлі ойыншықтар салынған қап немесе қорап (мысалы: доп, қуыршақ, машина, аю, ұшақ). Шарты: 1. Бір бала көзін жұмып, қаптан ойыншық суырып алады. 2. Тәрбиеші сұрайды:	

	– Бұл не? 3. Бала жауап береді (көмек қажет болса, тәрбиеші нұсқайды): – Бұл – доп. – Бұл – қуыршақ. Тыңдалым үлгісі (балалар қайталайды): • Бұл – машина • Бұл – аю • Бұл – ұшақ • Бұл – доп – Балалар, бүгін біз ойыншықтар туралы айтамыз. – Қазақ тілінде ойыншықтардың атын үйренеміз!	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	1-ойын: «Бұл қандай ойыншық?» Мақсаты: Балаларға ойыншықтардың атауын қазақ тілінде меңгерту, сөйлеуге үйрету. Құралдар: • Түрлі ойыншықтар немесе олардың суреттері: аю, машина, доп, қуыршақ, юла, ✈ ұшақ Шарты: 1. Тәрбиеші бір ойыншықты көрсетеді немесе қолына алады. 2. Сұрайды: «Бұл не?» 3. Бала жауап береді: «Бұл – доп», «Бұл – машина» т.б. 4. Ойыншықты сипап, түсін, формасын сипаттай алады.	Құралдар: • ойыншықтар бейнеленген суреттер

	Қазақша сөз тіркестері: • Бұл – қуыршақ • Бұл – доп • Доп домалақ • Машина жүреді • Ұшақ ұшады 2-ойын: «Кімде қандай ойыншық бар?» (Рөлдік ойын) Мақсаты: Ойыншықты сипаттап сөйлеуге үйрету, өз ойын қарапайым сөйлеммен айту. Құралдар: • Әр балаға бір ойыншық • Немесе ойыншықтардың суреті Шарты: 1. Әр бала өзіндегі ойыншықты көрсетіп, сөйлеммен айтады: «Менде аю бар» «Менде ұшақ бар» 2. Тәрбиеші немесе басқа бала сұрайды: «Сенде не бар?» «Бұл қандай ойыншық?» Қазақша сөйлеу үлгілері: • Менде машина бар • Сенде қуыршақ бар ма? • Бұл аю – жұмсақ Бұл доп – қыз	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы.	Қорытындылау: Балаларды мадақтау.	

Рефлексия 3-минут		
-----------------------------	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қыркүйек IV апта

ҰІӨ тақырыбы:		Апта күндері	
Күні:		Қыркүйек	
ТОП:	№11 «Балдырған» ересек тобы		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Апта күндерінің ретін есте сақтау, жатқа айтуға жаттықтыру.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: - Апта күндерінің атауларын: <i>дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі</i> Түсінеді: - Апта күндерінің ретін - Қай күн екенін және қай күні не істейтінін Айта алады: - Апта күндерін ретімен атайды - Қарапайым сөйлемдер құрайды: «Бүгін – сәрсенбі» «Сенбі күні мен ойнаймын»		

	«Жексенбі – демалыс күні»	
Тілдік мақсат:	Жаңа сөздер: - Апта, күн, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Сөйлеу үлгілері: - Бүгін – дүйсенбі - Ертең – сейсенбі - Мен бейсенбі күні балабақшаға барамын - Жексенбі – демалыс	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II. Ұйымдастыру <i>3-5 минут</i>		
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс <i>12- минут</i>	сөздер: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі 1-Ойын: «Күндер тізбегі» Мақсаты: Апта күндерінің ретін есте сақтау, жатқа айтуға жаттықтыру.	Құралдар: - Апта күндері жазылған карточкалар - Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер (мысалы: балабақша, ұйықтау, демалу, ойнау,

Құралдар: - Апта күндері жазылған түрлі-түсті карточкалар (әр карточкада бір күн: <i>дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі...</i>) Ойын шарты: - Тәрбиеші балаларға апта күндері жазылған карточкаларды араластырып береді. - Балалар оларды дұрыс ретпен орналастырады. - Сосын бәрі бірге қайталайды: <i>Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі...</i> Қосымша сұрақтар: - Бүгін аптаның қай күні? - Ертең қай күн болады? - Демалыс қай күн? Қазақша сөйлеу үлгілері: - Бұл – дүйсенбі. Жұма – соңғы жұмыс күні. Сенбі, жексенбі – демалыс. 2-Ойын: «Қандай күнде не істейміз?» (Сәйкестендіру ойыны) Мақсаты: Апта күндері мен іс-әрекеттерді байланыстыру, қарапайым сөйлем құрау. Құралдар: - Апта күндері жазылған карточкалар - Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер (мысалы: балабақша, ұйықтау, демалу, ойнау, оқу) Ойын шарты:	оқу)
--	-------------

	1. Тәрбиеші бір күнді атайды: «Сәрсенбі» 2. Бала сәйкес суретті табады және сөйлем құрайды: «Сәрсенбі күні мен балабақшаға барамын» «Жексенбі күні мен демаламын» 3. Қазақша тіркестер: • Бүгін – дүйсенбі. • Мен сейсенбі күні балабақшаға барамын. • Сенбі күні – демалыс. • Жексенбіде – үйдемін.	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытындылау: Балаларды мадақтау.	